

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ
АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚазХҚ және ӘТУ КОРЕЙТАНУ ОРТАЛЫҒЫ

**«ЛИНГВИСТИКА МЕН ШЫҒЫСТАНУДЫҢ ЗАМАНАУИ ДАМУ
ҮРДІСТЕРІ»**

Филология ғылымдарының докторы, профессор Пак Нелли
Сергеевнаның 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-
тәжірибелік конференция материалдары
25 қараша 2022 ж.
Алматы

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И
МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМ. АБЫЛАЙ ХАНА
ЦЕНТР КОРЕЕВЕДЕНИЯ КАЗУМОИМЯ ИМ. АБЫЛАЙ ХАНА

**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ЛИНГВИСТИКИ И
ВОСТОКОВЕДЕНИЯ»**

Материалы международной научно-практической конференции,
посвященной 80-летию доктора филологических наук, профессора Пак
Нелли Сергеевны
25 ноября 2022 г.
Алматы

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY OF INTERNATIONAL RELATIONS
AND WORLD LANGUAGES
CENTER FOR KOREAN STUDIES

**“MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF LINGUISTICS AND
ORIENTAL STUDIES”**

Materials of the international scientific-practical conference dedicated to the
80th anniversary of the Doctor of Philology, Professor Pak Nelly Sergeevna
25th of November 2022
Almaty

УДК 80/81
ББК 81.2
Л54

Под общей редакцией академика НАН РК, ректора КазУМОиМЯ им. Абылай хана С.С. Кунанбаевой

Одобрено Ученым Советом КазУМОиМЯ им. Абылай хана (протокол № 3 от 21. 10. 2022 г.)

Редакционная коллегия:

Кульгильдинова Т.А., Кагазбаева Э.М., Чжан Хочжон, Ким У.А., Хан Н.Ч., Ким С.К., Курманбекова В.А., Аксаналиева Ж.Н., Оспанова М.О. Бугытаева С.К.

Лингвистика мен шығыстанудың заманауи даму үрдістері = Современные тенденции развития лингвистики и востоковедения = Modern trends in the development of linguistics and oriental studies: мат. межд. науч.-практ. конф. — Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2022. — 342 с. Каз., рус., англ.

ISBN 978-601-270-563-8

В настоящий сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития лингвистики и востоковедения», посвященной 80-летию доктора филологических наук, профессора Н.С. Пак. В сборнике представлены результаты исследований по актуальным проблемам современной лингвистики, переводоведения, инновационных методов иноязычного образования, лингвокультурологии, литературоведения, актуальным вопросам востоковедческой науки.

Данный сборник предназначен для учёных, научных работников, преподавателей высшей школы, докторантов, магистрантов, а также студентов, обучающихся по направлениям подготовки: иностранная филология, востоковедение, переводоведение, педагогика и методика преподавания иностранных языков.

“This work was supported by the *Core University Program for Korean Studies* of the Ministry of Education of the Republic of Korea and the Korean Studies Promotion Service at the Academy of Korean Studies (AKS-2021-OLU-2250007).”

ISBN 978-601-270-563-8

© КазУМОиМЯ им. Абылай хана
© Центр кореведения КазУМОиМЯ
им. Абылай хана, 2022

СОДЕРЖАНИЕ

ПОЗДРАВЛЕНИЯ

1. КУНАНБАЕВА С.С.	8
2. НАУРЗБАЕВА А.Б.	10
3. ШАЙБАКОВА Д.Д.	12
4. ROSS KING	14
5. 연재훈	16
6. КАН Г.В.	18
7. SIMON BARNES-SADLER	19

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

8. КУЛЬГИЛЬДИНОВА Т.А. ФОРМИРОВАНИЕ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА.....	21
9. ЗАГИДУЛЛИНА А.А., ЧУКАЕВА А.К. ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	28
10. БУРКИТБАЙ Г.Ж., КИМ У.А. ВКЛАД ПАК Н.С. В ОРИЕНТАЛИСТИКУ КАЗАХСТАНА.....	36

ЛИНГВИСТИКА, ПЕРЕВОД, ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ

11. KALDYBEKOVA N.B. THE COMMUNICATIVE STRATEGIES AND TACTICS OF VERBAL MANIPULATION IN POLITICAL DISCOURSE.....	44
12. KIM S.K. DIACRONIC ANALYSIS OF THE STAGES OF DISTRIBUTION AND PERCEPTION OF RUSSIAN LITERATURE IN KOREA.....	51
13. ЕЗМАХУНОВА А.Р. ЛЕКСИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА ЗАИМСТВОВАННЫХ СЛОВ В КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ.....	57
14. ЕЛЬКИН Д.Ю., ШИМ Л.В. НАЦИОНАЛЬНО-СЛОВЕСНЫЕ ОБРАЗЫ.....	65

15. КИМ Н.Д. РАЗВИТИЕ КОРЕЕВЕДЕНИЯ В УЗБЕКИСТАНЕ: ОБЗОР ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	79
16. МИХАЙЛОВА П.Д., БОНДАРЕНКО Л.Н. ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА ДРЕВНЕГО И РАННЕСРЕДНЕВЕКОВОГО ИРЛАНДСКОГО ОБЩЕСТВА.....	83
17. РАЕВ Д.С. ТІЛ ЭТИКАКРАТИЯСЫ.....	90
18. САРСЕМБАЕВА Н.Г. ЭСТЕТИКА АРТ-ТЕКСТА: ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ.....	101
19. ТЕЛЯПОВА А.Г. К ВОПРОСУ О СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА ПОЛИТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА (НА МАТЕРИАЛЕ ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИЙ МИД КНР).....	109
20. ТРОФИМЕНКО О.А. СРЕДСТВА ОБЪЕКТИВАЦИИ КОНЦЕПТА «ВЕТЕР» В СОВРЕМЕННОМ КОРЕЙСКОМ ЯЗЫКЕ.....	118
21. ШАЙДУРОВ Н.М. СПОСОБЫ ПЕРЕВОДА КОРЕЙСКОЙ ОБРАЗООПДРАЖАТЕЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ НА РУССКИЙ ЯЗЫК НА МАТЕРИАЛЕ ИНТЕРНЕТ-БЛОГОВ.....	127
22. ШУШАКОВА М.В. ПРЯМАЯ ЭВИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ В КОРЕЙСКОМ ЯЗЫКЕ.....	135
23. ЮГАЙ Е.Р. ПЕРЕВОД ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ С КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА НА РУССКИЙ.....	143

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

24. NYSHANOVA S.T. EFFECTIVENESS OF EMBODIED LEARNING IN LANGUAGE CLASSROOM.....	149
25. YESSEMBAYEVA M. THE MAIN FACTORS INFLUENCING THE WILLINGNESS TO COMMUNICATE.....	158
26. АБУБАКИРОВА С.Б. BENEFITS OF TEACHING ENGLISH USING DIGITAL TECHNOLOGY.....	163

27. **БЕККОЖАНОВА Г.К., НИЕТБАЕВА А.П.** ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ТАНЫМДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ 169
28. **КИМ О.А., ЛЬВОВА И.С.** ПРИНЦИПЫ РЕАЛИЗАЦИИ МОДУЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ПРИ ОБУЧЕНИИ КОРЕЙСКОМУ ЯЗЫКУ И ЛИТЕРАТУРЕ НА КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОЙ ОСНОВЕ 175
29. **КУТАФЬЕВА Н.В.** ЗООМОРФНАЯ МЕТАФОРА В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ 193

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

30. **БАКТЫБЕКОВА Б.Б., ЖУНУСОВА А.К., БАЖИК Д.С., ЛИ Е.В.** МИФ О ТАНГУНЕ КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ КОРЕЙСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ 202
31. **БУРКИТБАЙ Г.Ж., ЖАҚСЫБЕК С.** КОРЕЙ СТЕРЕОТИПТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ 211
32. **ЕСЕРКЕПОВА Ж.О.** ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КОНФУЦИЙШІЛДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР 218
33. **КЕНЖЕБАЕВА А.А., МЕЛЛАТ Д., ШЫНАРБЕКОВА Ж.М.** СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЛЕКСЕМ «ЗМЕЯ» И «ДРАКОН» В КИТАЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ 226
34. **КУДАБАЙ А.А.** КОНЦЕПЦИЯ ДИАЛОГА КУЛЬТУР В СТРУКТУРЕ СОВРЕМЕННЫХ ДЕЛОВЫХ КОММУНИКАЦИЙ 240
35. **ЛАМАНОВА К.А.** ПОПУЛЯРИЗАЦИЯ КОРЕЙСКОГО ЯЗЫКА И КУЛЬТУРЫ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД ГЛОБАЛИЗАЦИИ 248
36. **МЕН Д.В., ПАК Т.Н.** ОСОБЕННОСТИ ОБЪЕДИНЕНИЯ КОРЕИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ 258
37. **РАХИМОВА К.** НАБРОСОК РЕЧЕВОГО ПОРТРЕТА РУССКОГО МОЛОКАНИНА, ЖИВУЩЕГО В АЗЕРБАЙДЖАНЕ 273
38. **САЙЛАУКЕНОВА Ә.Е.** ҚАЗАҚ ЖӘНЕ КОРЕЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ «ҚОЛ» СОМАТИЗМІ БАР ПАРЕМИЯЛАРҒА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ 279

39. **СЕРМУХАМЕТОВА Б.Б.** НОВЕЙШАЯ ПРОЗА ПИСАТЕЛЕЙ КОРЕЙСКОЙ ДИАСПОРЫ СНГ ПЕРИОДА НЕЗАВИСИМОСТИ 289
40. **ХУДИК А.В., КИМ А.А.** К ВОПРОСУ О КУЛЬТУРНЫХ ИЗМЕНЕНИЯХ В РЕСПУБЛИКЕ КОРЕЯ В 2000- Е ГГ. .. 305
41. **ХУДИК А.В., КИМ А.А.** К ВОПРОСУ О КИНО КАК ВАЖНЕЙШЕМ ИЗ ИСКУССТВ В ЮЖНОЙ КОРЕЕ 319
- <참고> 한국어-러시아어 인명 지명의 상호표기 331
- СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ 342

4. Информационный сайт Исполнительной власти города Ширван Азербайджанской Республики. Режим доступа <http://shirvan-ih.gov.az/az/page/12.html> (дата обращения 30.10.2022)

5. Кавказский календарь на 1910 год. – Тифлис, 1909. – 928 с.

6. Кастрюлин Н. Духовные христиане молокане в начале 21 века, 2009. Режим доступа <https://proza.ru/2009/07/10/794> (дата обращения 29.10.2022)

7. Кузнецов П. Русская диалектология. Изд.4-е. М.: ЛЕНАНД, 2021. – 192 с.

8. Распределение старообрядцев и сектантов по толкам и сектам. Центральный статистический комитет Министерства внутренних дел. – СПб, 1901. – С.26.

9. Тошьян С. Вопросы изучения русских говоров // Закавказье // Научные труды высшей школы Литовской ССР, Лингвистика, VIII, 1963. Режим доступа https://balt nexus.lt/uploads/publikacijos/Kalbotyra/Kalbotyra%20VIII/08_07_S.%20B.%20To%20C5%A1ijanas.pdf (дата обращения 30.10.2022)

10. Nicholas B. Breyfogle, Heretics and Colonizers: Forging Russia's Empire in the South Caucasus. – London and Ithaca, NY: Cornell University Press, 2005 – 347 p.

11. Youtube-канал Just Masimov. Режим доступа <https://www.youtube.com/c/AsifMasimov> (дата обращения 31.10.2022)

МРНТИ 17.82.32

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ КОРЕЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ «ҚОЛ» СОМАТИЗМІ БАР ПАРЕМИЯЛАРҒА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Сайлауенова Ә.Е.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аннотация: Мақалада паремиялардың әлемнің ұлттық тілдік бейнесін бейнелеу құралы ретіндегі рөлі, сондай-ақ, құрамында «қол» соматизмі бар қазақ және корей мақал мәтелдері мен тұрақты тіркестері талданып, олардың қазақ және корей тілдеріндегі ұқсастықтары мен ерекшеліктері айқындалады. Әлемнің тілдік бейнесі деген ұғым адамның әлем туралы идеяларын зерттеуге негізделген. Егер әлем – адам мен қоршаған орта және олардың өзара қатынасы болса, онда әлемнің бейнесі қоршаған орта мен адам туралы ақпаратты өңдеудің нәтижесі болып табылады. Қол – адам денесінің маңызды бөлігі. Қол мағыналық жағынан атқаратын рөлі әмбебап болып келеді. Бұл сөз әртүрлі мағынада қолданылады, олардың ең көп тарағаны – қарым-қатынас, шеберлік, іс-әрекет, жұмыс және т.б. Салыстырмалы талдау негізге ала отырып, қазақ және корей тілдеріндегі құрамында «қол» соматизмі бар фразеологиялық бірліктерді екі халықтың қабылдауындағы салыстырмалы ұқсастықтар туралы қорытынды жасауға болады.

Түйіндемесөздер: паремия, соматизм, фразеологиялық бірліктер, қол, әлемнің тілдік бейнесі, қазақ тілі, корей тілі

Title: Comparative Analysis of Proverbs with Somatism 'Hand' in Kazakh and Korean Languages

Author: Sailaukenova A.S. Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract: The article deals with proverbs as a means of reflecting the national linguistic picture of the world, analyzes proverbs and sayings with somatism «hand», establishes their similarities and differences in Kazakh and Korean. The concept of a linguistic picture of the world is based on the study of a person's ideas about the world. If the world is a person and the environment in their interaction, then the picture of the world is the result of processing information about the environment and the person. The hand is an important part of our body. The hand plays an almost universal role (meaning): this word is used with various meanings, the most common of which are communication,

skill, activity, business, etc. Based on a comparative analysis of Kazakh and Korean phraseological units with somatism, the hand can be concluded about the relative similarity in the perception of this lexical unit by the Kazakh and Korean people.

Keywords: paremia, somatism, phraseological units, hand, language picture of the world, Kazakh language, Korean language

Тіл – бұл адам ойлауының сипатын және әлемді тану тәсілін анықтайтын әмбебап құрал. Әр тіл әлемді өзінше қалыптастырады, яғни оны тұжырымдаудың өзіндік тәсілі бар. Әрбір тілдік жүйеде әлемнің ерекше бейнесі қалыптасады және оған сәйкес тілдік тұлға айтар сөзінің мазмұнын туралауға міндетті. Бұл тілде жазылған әлемді сол тілдің өкілінің қабылдауын көрсетеді.

Әлемнің тілдік бейнесі ұғымы адамның әлем туралы идеяларын зерттеуге негізделген. Егер әлем – адам мен қоршаған орта және олардың өзара қатынасы болса, онда әлемнің бейнесі қоршаған орта мен адам туралы ақпаратты өңдеудің нәтижесі болып табылады. Осылайша, әлемнің тілдік бейнесі ретінде көрсетілген біздің концепттік жүйеміз халықтың физикалық және мәдени тәжірибесіне тәуелді, сондай-ақ, онымен тікелей байланысты.

Тұрақты тіркестер, фразеологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, жалпы паремиялар әлемнің тілдік бейнесін жасауда ерекше рөл атқарады. Олар «ұлт өмірінің айнасы».

Фразеологиялық бірліктер тобында «мақал-мәтелдер» өрнегі көбінесе сараланбай қолданылады. Бұл комбинация тек қана екі түрлі нақыл сөздің атауын ғана білдіріп қоймай, іс жүзінде фольклорлық жанрдың жалпы атауы ретінде қолданылады. Олардың барлығы (мақалдар, мәтелдер, халықтық афоризмдер, әжуа өлеңдер) «паремия» атты жалпы терминмен біріктіріледі. Бұл туралы Ә. Қайдар өзінің «Халық даналығы» кітабында ашып түсіндіреді [1].

Мақал-мәтелдің жалпы мағынасы оның құрамындағы компоненттердің (мақал және мәтел) тура мағыналарынан туындаса, мәтелдердің жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы, идиомалық мағыналары негізінде қалыптасады. Мақал мен мәтелдің айырмашылығын ажыратудың бір өлшемі осы.

Екінші өлшемі мақал болған, болатын және болып жатқан құбылыс пен процестің өзгеру, даму, алмасу т.б. себептерін де одан шығатын нәтижені де бірден, қолма-қол баяндаса, мәтел сол процестің өзін ғана атаумен шектеліп, оның немен тынатынын, қандай нәтиже беретінін нақтылап баяндамайды, яғни процестің себебін де айтады да, салдарын астарлап, бейнелеп қана аңғартады.

Пайымдап қарасақ, бұл мәтелдердің барлығы ақыл-өсиет, пайдалы информация ретінде істің себебін ғана білдіріп, оны орындағаннан, не орындамағаннан, келер пайда-зиянын, яғни салдарын көрсетіп тұрған жоқ. Дегенмен, осы мәтелді шығарушылар салдардың бәрін қалың жұрт жадында қағида болып қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып арқылы біледі деген сеніммен айтып отыр.

Фразеологизмдер мен паремиялардың негізі тікелей адаммен немесе адамның істейтін әрекеттерімен байланысты, себебі, олардың дүниеге әкеліп, қолданысқа енгізген адам. Адам өзінің айналасында қоршап тұрған жансыз материяның бәріне жан беруге тырысады. Яғни, адам өзінің физиологиялық, психологиялық жай-күйін, әлеуметтік жағдайын, дәрежесін суреттеу үшін барлық заттар мен құбылыстардың қадір-қасиетін сипаттауда өзінің дене мүшелеріне, олардың қалып-күйіне, атқаратын қызметтеріне жүгінеді [2]. Осыған орай Р.Н. Вайнтрауб кез келген тілдің фразеологиялық қорының 30 пайызын соматикалық фразеологизмдер құрайды деп тұжырымдайды [3].

Сонымен, соматикалық фразеологизмдер мен паремиялар адамның сыртқы әлемді сезінуін жеткізіп, жалпы тілдік бейнені ғана емес, сол тілдің мәдениеті, халықтың психологиясы мен тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктері, сондай-ақ ұлттық құндылықтары туралы ақпарат береді. Біз қарастырғалы отырған қазақ және корей тілдерінде де, сонымен қатар, басқа тілдерде де соматикалық фразеологизмдер мен паремиялар ерекше, әрі, ауқымды орын алады.

Бұл мақалада «қол» соматизмі бар паремиялар арқылы қазақ және корей мақал-мәтелдері мен арасында сәйкестік орнатуға тырыстық. Ә. Ыбырайым, А. Жаңабекова мен Қ.Рысбергенова құрастырған «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» [4] «қол» соматизміне мынандай мағыналары берілген: 1) Адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін бес саусақ, алақаннан тұратын қолдың басы; 2) Адамның иық, білек, қолдың басын қамтыған дене мүшесі; 3) Анатомия бойынша адамның иықтан, басталып, саусақтың ұшына дейінгі бөлігін қамтитын жоғарғы дене мүшесі; 4) Ауыспалы мағынада: Жұмыс күші, адам; 5) Ауыспалы мағынада: Билік, иелік; 6) Ауыспалы мағынада: Қолтанба, жазу.

Ал «Корей тілінің үлкен стандартты сөздігінде» (표준국어대사전) «қол» (손) соматизмінің түсіндірмесі төмендегідей берілген [5]: 1) Білектен төмен қарай орналасқан адам денесінің бөлігі. Алақан, алақанның сырты және білек деп үш бөлікке бөлінеді. Оның ұшында заттарды ұстауға болатын бес саусақ бар; 2) Қол ұшының бес бөлікке бөлінген бөлігі, яғни, саусақ;

3) Жұмыс жасайтын адам. Жұмыс күші; 4) Бір нәрсені жасау үшін қажетті адамның күші, жігері; 5) Адамның әсер ету дәрежесі немесе билігі өтетін аймақ; 6) Адамның қулығы немесе тапқырлығы.

Жоғарыда қазақ және корей тіліндегі сөздіктерде берілген «қол» лексемасының мағыналарын атап өттік. Нәтижесінде екі тілде лексеманың ұқсас тұстары мен ерекшеліктері анықталды. Алдымен ұқсас тұстарын қарастырайық, *біріншіден*, екі тілде де «қол» лексемасы адамның бір затты ұстайтын, саусақтары мен алақаны бар, жұмыс жасайтын дене бөлігі. *Екіншіден*, жұмыс күші, жұмыс жасайтын адам. *Үшіншіден*, адамның қолындағы билік, иелік.

Ерекшеліктеріне назар аударар болсақ, *біріншіден*, қазақ тілінде «қол» соматизмінің қолтаңба, жазу деген мағынасы болса, корей тілінде бұндай мағына мүлде жоқ. Ал, *екіншіден*, қазақ тілінде қол адамның иығынан бастап саусағының ұшына дейінгі дене бөлігін қамтитын болса, корей тілінде көп жағдайда тек білезік, алақан мен саусақты қамтитын бөлікті қамтиды. *Үшіншіден*, корей тілінде «қол» соматизмінің қулық және тапқырлық деген мағынасы бар. Ал қазақ тілінде «қолдан келу» деген паремия «шеберлік» мағынасында да, «мүмкіндік» мағынасында да келгенімен «қулық, тапқырлық» мағынасын білдірмейді.

Қазақ және корей тіліндегі «қол» соматизмі бар паремияларды төмендегідей кестеге біріктірдік. Бұл кестедегі фразеологиялық бірліктер І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»[6] мен «우리말샘»[7] корей тілі сөздігінің сайтынан алынды.

Кесте 1 – «Қол» соматизмі бар паремиялар

ҚАЗАҚША	КОРЕЙШЕ	АУДАРМАС
Қолын созу <i>Көмек қолын созу</i>	손을 내밀다 <i>А) қол жайды, қайыр сұрады;</i> <i>Ә) көмектесу, көмек қолын созу;</i> <i>Б) достасу</i>	Қолын созу
Қол қусырып отырды <i>Ешқандай іс бітірмеу</i>	두 손을 맞잡고 있다 <i>Ешқандай шаруа жасамай бос отыру</i>	Екі қолын айқастырып отыру

Қолын былғау <i>Жаман іске бару</i>	손을 적시다 <i>А) жаман іске қатысты болу;</i> <i>Ә) қандай да бір іске араласу</i>	Қолын былғау/сулау
Қолы берекелі/ ашық <i>Не жасаса да, бәріне жетімді, тойымды етіп жасайтын адам</i>	손이 크다 <i>А) жомарт, бір нәрсе жасағанда мольнан жасайтын адам;</i> <i>Ә) амалы көп</i>	Қолы үлкен
Қолы тар <i>Сараң, жомарттығы жоқ, берері жоқ адам</i>	손이 작다 <i>А) бір нәрсе жасағанда аз жасайтын, үнемшіл адам;</i> <i>Ә) амалы аз</i>	Қолы кішкентай
Қолы сараң <i>Тар, жомарттығы жоқ, берері жоқ адам</i>	손이 맑다 <i>А) сәтсіздікке ұшырап, қолында ештеңесі жоқ адам;</i> <i>Ә) Сараң, есеңқор адам</i>	Қолы ашық/әйнектей
Қолынан келу <i>Ширақ, пысық, еті тірі, бір нәрсені істей алу</i>	손이 가다 <i>А) қолы бару;</i> <i>Ә) көп күш/еңбекті қажет ету</i>	Қолы барды
Қолын ұстады <i>А) бірікті, тізе қосты;</i> <i>Б) өмірлік жар болды, үйленді</i>	손을 잡다 <i>А) қуш біріктірді;</i> <i>Ә) бірнеше адам бірігіп бір-біріне көмектесті</i>	Қолын ұстады
Қолына өтті/тиді <i>А) бір нәрсені алды</i> <i>Ә) иелік етті</i>	손에 넘어가다 <i>Бір нәрсе бір адамның иелігіне өтті</i>	Қолына өтті

Қол үзді А) тастады, ұмытты; Ә) араласы үзілді	손을 끊다 Арақатынас ты немесе сауда келісімін үзді	Қолын үзді
Қолы жүйрік Епті, икемді, әрі жылдам жұмыс жасайтын адам	손이 재다 Жұмысты жылдам жасайтын адам	Қолы жылдам
Қол алысты/ұстасты А) келісті, келісімге келді, уәделесті; Ә) бірікті, тізе қосты	손을 맞잡다 Бір-бірімен келісімге келу, тығыз ынтымақтастықт а болу	Қол ұстасты
Қолы алтын/ісмер Өнерлі, епті, шебер, он саусағынан өнер тамған адам	손이 비단이다 А) қол барлық әсем заттарды жасайтын адам денесінің маңызды бөлшегі дегенді білдіреді; Ә) жақсы нәрсені жасап шығу үшін бәрінен де шебердің қолы маңыздырақ дегенді салыстырмалы мағынадағы сөз	Қолы – жібек
Қолы шықты А) ойында қолы жүрді, ұтты; Ә) бір іске қолын үйренді	손을 빼다 Жасап отырған жұмысын тастау	Қолын шығару/суыру
Қолы тию А) ұрды, соқты, сабады;	손이 닿다 Байланысу, қарым-қатынас орнату	Қолы тию

Ә) бос уақыты болды, жұмыстан босады		
Қос қолдап қолдау Толықтай келісті	두 손을 들다 А) берілу немесе бағыну; Ә) толықтай келісу	Екі қолын көтеру
Қолы жылдам Епті, икемді	손이 빠르다 А) жұмысты жылдам жасайды; Ә) саудасы тез өтеді	Қолы тез
(Көмек) қолын созу Қол ұшы беру, қолғабыс ету	손을 뻗치다 А) бұрын соңды жасап кормеген жаңа нәрсені жасауға талпыну; Ә) бір іске араласу және оған әсер ету.	Қолын созу
Қолына ұстату А) Табыстау, қамқорлығына беру; Ә) Қарамағын а, иелігіне беру	손에 잡히다 Аса үлкен нәтиже көрсетердей жұмыс жасау	Қолына ұстату
Құр қол/қолы бос А) еш нәрсесіз, бос; Ә) қарусыз, саймансыз	손이 비다 А) істейтін ісі болмаған соң бос отыру; Ә) қолында ақшасы жоқ, құр алақан	Қолы бос
Көз қорқак, қол батыр Әр істі бастар алдында жұмыс көп әрі қиын көрінеді,	눈익고 손철다 Алғашында оңай көрінген істі жасап көріп қиындығына көз	Көзге таныс, қолға оғаш

бірақ, бастаған соң қолынан келетініне түсінесің деген мағынада	жеткізу деген мағына айтылған	
---	-------------------------------	--

Кестеден көріп отырғанымыздай қазақ және корей тіліндегі «қол» соматизміне байланысты паремиялардың бір-біріне тура эквивалент бола алатындары да, омонимдік дәрежедегі бірліктер мен семантикалық эквивалент болатындары да берілген. Тура эквивалент болатын паремиялар лексика-грамматикалық тұрғысынан да, семантикалық тұрғыдан да бір-біріне ұқсас келеді [8]. Мысалы *қолын созу* *손을 내밀다* (*қолын созу*) деген паремиялар «көмек сұрау, көмек көрсету» дегенді білдіреді және бұл екеуі бір-біріне тура эквивалент болып табылады. Қазақ тіліндегі *қолы бос/құр қол* және корей тіліндегі *손이 비다* (*қолы бос*) тіркестері, қазақ тіліндегі *қолы жүйрік/жылдам* және корей тіліндегі *손이 재다* (*қолы жылдам*), *손이 빠르다* (*қолы тез*) деген фразеологиялық бірліктер де бір-біріне эквивалент болып табылады.

Қазақ тіліндегі *қолы алтын/ қолы ісмер* деген фразеологиялық бірлік қолынан өнер тамған, кез-келген істі шебер орындайтын адамға қатысты қолданады. Корей тілінде бұл тіркеске *손이 비단이다* (*қолы – жібек*) деген тіркесі келеді. Әр тілдің тілдік орамы әртүрлі: қазақ тілінің өкілі үшін қолы жібек немесе қолы жібектей деген тіркес қолының не қол терісінің жұмсақтығы мен нәзіктігін білдірсе, корей тілінде корей халқының әлемнің тілдік бейнесінде көрініс тапқан ұлттық көрінісі мен тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктерімен байланысты еңбекқорлық пен шеберлікті білдіреді. Бұл паремияларды біз ішінара эквивалент немесе семантикалық эквивалентке жатқыза аламыз.

Қолы тию деген тұрақты тіркес екі тілде де бар. Алайда, екі тілдегі тұрақты тіркестің мағыналары әртүрлі: қазақ тілінде «ұру, соғу, сабау» және «бос уақыты болу, жұмыстан қолы босау» деген мағынаны берсе, корей тіліндегі *손이 닿다* (*қолы тию*) тіркесі «байланысу, қарым-қатынас орнату» деген мағынаны білдіреді. Көріп отырғанымыздай бұл екі тіркес омонимдік дәрежеде болып тұр. Себебі, лексика-грамматикалық құрамы ұқсас, бірақ, семантикасы екі халықтың менталитетіндегі ерекшелікке байланысты әртүрлі. Осындай фразеологиялық тірлікке тағы да мысал келтіре кетейік, қазақ тіліндегі «табыстау, қамқорлығына беру» және «қарамағына, иелегіне беру» деген мағынаны беретін *қолына ұстату* деген фразеологиялық бірлік те корей тіліндегі *손이 잡히다* (*қолына ұстату*) «аса үлкен нәтиже беретіндей жұмыс

жасау» дегенді білдіретін бірлікпен өзара омонимдік мағынадағы тіркес болып табылады. Себебі бұл фразеологиялық бірліктер лексика-семантикалық тұрғыдан ұқсас болса да, семантикалық тұрғыда біріне бірі мүлде ұқсамайды.

Дәл осы тұрғыдан қазақ тіліндегі *Көз қорқақ, қол батыр* [9] және корей тіліндегі *눈 익고 손 설다* (*көзге таныс, қолға оғаш*) деген макалдарын қарастырып өткен жөн. Бұл екеуі семантикалық жағынан бір-біріне антоним болып табылады. Бұл жерде біз тағы бір мәрте екі ұлттың ерекшеліктерін байқай аламыз.

Сонымен қатар, қазақ және корей тілдерінде құрылымы жағынан әртүрлі, бірақ, семантикалық жағынан бір-біріне эквивалент болып табылатын паремиялар жетіп артылады. Мысалы, қазақ тілінде *Коп түкірсе қол* деген макалы корей тіліндегі *손이 많으면 일도 쉽다* (*қол көп болса жұмыс оңай*) «қандай іс болса да, бірнеше адам бірігіп жасаса алынбайтын қамал жоқ» дегенді білдіретін макалымен семантикалық тұрғыда эквивалент болып табылады.

Осылайша, «қол» соматизмі құрамына енетін қазақ және корей тілдерінің паремияларын салыстыра отырып, екі халықтың бұл лексикалық бірлікті қабылдауындағы ұқсастықты байқай аламыз. Дене мүшелері атауларымен байланысты мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер тек дене бөліктеріне ғана қатысты емес, сонымен қатар олар арқылы түрлі эмоциялар мен сезімдер, мінез – құлық, тіпті, адамның өмір салтын да білуге болады [10]. «Қол» адам ағзасының маңызды құрамдас бөлігі бола тұра екі тілдік жүйеде де тұрақты тіркестер мен паремиялардың қайнар көзі болып табылады.

Сонымен бірге корей тілінде «қол» соматизмі бар паремиялардың сандық басымдылығын байқауға болады, бұл корей халқының прагматикалық көзқарасына байланысты, онда адамның әлеуметтік жағдайы мен оның қоғамдағы беделі бірінші орынға шығады. Қазақ тілінде бұл мақал-мәтелдерге жан, жүрек компоненттері бар фразеологизмдер жиі сәйкес келеді.

Әр ұлт пен халықтың өзіндік тарихы, ғасырлар бойы, тіпті мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан өзіндік мәдениеті бар және әр ұлттың басты бірегейлігі оның тілінде. Ешнәрсе тілден басқа ештеңе де кез келген халықтың ерекшеліктері мен өзгешеліктерін толық және терең көрсете алмайды. Демек, адам үшін әлемнің бейнесі көбінесе ол сөйлейтін тіл жүйесімен анықталады.

Мақал-мәтелдер және басқа да бейнелі сөздер мен паремиялар арнайы коммуникативті бірліктер ретінде бүкіл адамзат үшін ортақ ойларды білдіреді және сонымен бірге әр қоғамның дүниетанымының ерекшелігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Халық даналығы: казак мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу. – Алматы, 2004, – 560 б.
2. Абаған А.Б. Корей тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің антропоэктілік аспектісі/ ҚазҰУ хабаршысы/ Шығыстану бөлімі №1 (58). 2012 71-74 бб.
3. Вайнтрауб Р.М. Опыт сопоставления соматической фразеологии в славянских языках // Вопросы фразеологии. –1998. – №3. –С. 157-162
4. Қазак әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том/ Құраст.: Ә. Ыбырайым, А. Жанабекова, Қ. Рысбергенова және т.б. –Алматы, 2011. –744 б.
5. Корей тілінің үлкен стандартты сөздігі – 표준국어대사전 [Электронды ресурс]. URL:<https://stdict.korean.go.kr> (қаралған күні:20.10.2021).
6. Кенесбаев І. Қазак тілінің фразеологиялық сөздігі/ – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.
7. Корей тілі сөздігі – 우리말샘 [Электронды ресурс]. URL:<https://opendict.korean.go.kr/main> (қаралған күні: 21.10.2022).
8. Сайлауқенова Ә.Е., Беялова А.Е. «Көңіл-күй, сезім» тақырыбына қатысты корей және казак тілдерінің паремияларына салыстырмалы талдау // Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». – Астана, 2020. – No 6/4. – Б. 308-312.
9. Кейкін Ж. Қазак мақал-мәтелдерінің алтын кітабы (8675 мақал-мәтел). – Алматы: Аруна. 2012. – 632 б.
10. Belyalova A. 한국어와 카자흐어의 관용어 대조 연구: 신체어휘 관용어에 나타나는 감정 표현을 중심으로. 석사학위논문. – 성균관대학교, 2015. – 125 쪽.

УДК 81-282.4

НОВЕЙШАЯ ПРОЗА ПИСАТЕЛЕЙ КОРЕЙСКОЙ ДИАСПОРЫ СНГ ПЕРИОДА НЕЗАВИСИМОСТИСермухаметова Б.Б.
КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аннотация: Данное исследование направлено на определение особенностей новейшей корейской прозы, которая написана писателями корейской диаспоры в основных регионах бывшего СССР (стран СНГ – Содружества независимых государств). Цель исследования заключается в изучении и систематизации поэтики современного корейского рассказа писателей корейской диаспоры СНГ в период независимости. Основными направлениями исследования определены: изучение исторического контекста современной корейской прозы в рамках общего литературного процесса стран СНГ; определение поэтики современной корейской прозы и её основных авторов; систематизация её в странах СНГ в период независимости.

В результате исследования установлено, что в странах СНГ в период их независимости получила своё развитие проза корейских писателей. В этот период отмечается издание произведений как корейских писателей, ранее известных в Центральной Азии и в России, так и новых авторов. В этот период отмечается возможность создания живой и свободной литературы, в которой можно писать об общей стране, которая стала для корейцев Родиной. Оценка прозы корейских писателей стран СНГ показала, что данный период можно также назвать временем поиска утраченного дома корейцев и раскрытия трансформации их идентичности. Анализ отдельных рассказов писателей стран СНГ периода независимости показал, что главной темой по-прежнему является история народа, семья, любовь, природа и отношения. Главным итогом считается то, что в рассказах отражено, как впервые в истории Корё Сарам литература смогла уберечь корейцев от жестокой реальности, а также от беспомощности.

Ключевые слова: новейшая проза, корейская проза, страны СНГ, период независимости, корейские рассказы

Title: The Latest Prose of the Korean Diaspora Writers of the CIS during the Period of Independence

Author: Sermuhametova B.B., Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan